

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН БАСҚАРУДЫҢ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ**Әмір Әділжан Ғабитұлы**muxametnur@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

заң факультетінің 4 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Н.Д. Мырзатаев

Ұлттық жоғары білім беру жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының Конституциясынан бастау алады. Ата заңның 30-шы бабында: мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына мемлекет кепілдік беріп, және ол азаматтар үшін міндетті болды [1]. Сонымен қатар, аталған баптың 2-ші тармағында «Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар» [1] - деп көрсетілген. Заң нормаларының жоғарыдан төменге қарай реттеу бойынша ҚР «Білім туралы» [2] заңы қабылданды. Одан кейін жоғары білім саласын реттейтін нормативтік құқықтық актілер.

Отандық ғалымдар соның ішінде Р.Т. Игембаева жоғары білім саласын реформалауды төрт кезеңге бөліп бөліп жіктеген. Алғашқы кезеңге жоғары білім саласын реттейтін нормативтік құқықтық актілердің қалыптасуы деп атады. Оған тәуелсіздік алған жылдардан 1994 жыл аралығындағы қабылданған алғашқы заңнамалар. ҚР тұңғыш Конституциясы қабылданған соң осы жылы «ҚР жоғары білім туралы» заң қабылданған болатын. Келесі жылы тұңғыш рет тәуелсіз еліміздің жоғары білімнің Мемлекеттік стандарты бекітіліп, алғаш рет білім берудің көп сатылы құрылымы, бакалавр мен магистратура жүйесі енгізілді. Жоғары білім саласын құқықтық реттеудің екінші кезеңінде жоғары білім беру саласының мазмұнын жаңартып, модернизациялаудан өтті [5,38 бет]. Ата заңның 30-шы бабының «Мемлекет білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын белгілейді. Кез келген оқу орнының қызметі осы стандарттарға сай келуі керек» [1] - деген нормаға сәйкес жаңа Ереже қабылданды. Бұл ереже Қазақстандық жоғары білім беру стандарттары мен оның қызметін реттейтін нормалар қабылданған еді. Жоғары білім беру бойынша мамандықтардың Жүктемесі де бекітілген болатын. Сонымен қатар ҚР ата заңының 30-шы бабының үшінші тармақшасында: «Жеке меншік оқу орындарында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады» [1] - делінген болатын. Осыған орай елімізде жеке меншік жоғары оқу орындары ашылуға заңнамалар тиісінше өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Жергілікті жерлердегі жоғары оқу орындарын біріктіру арқылы классикалық университеттер қалыптасырылды. Білім саласына қатысты халықаралық нормалар да ратификациялау туралы нормалар енгізілді. ҚР-да шет елдік білім беру саласынағы құжаттарды ҚР-да танылуы заңдастырылды. Жоғары білімге қатысты біліктілікті тану жөніндегі 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Лиссабон конвенциясын ратификациялау және бекіту туралы ҚР Президентінің Жарлығы қабылданды [3]. 1991 жылы Қожа Ахмед Яссауи атындағы тұңғыш Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті ашылды Елбасы ол «түркі әлемінің білім беру орталығы» болуы тиіс деп бірнеше рет айтқан болаты [4]. 2000 жылдары Қазақстан-Британ Техникалық Университеті және М.В. Ломоносов атындағы ММУ филиалы ашылды.

Үшінші кезең 1995-2000 жылдары Қазақстан Республикасы экономикалық жағынан да, құқықтық жүйесі де өтпелі кезеңде тұрақтылықты сақтауы арқылы заңдарын жүйелеп орнықтыруға қол жеткізді. Заң арқылы қоғамның барлық дерлік қатынастарын ретке келтірді. Жүйелі түрде ретке келтірілген заң құқықтық мемлекет қалыптастыруға өз септігін тигізуде [5,42бет].

Төртінші кезең 2000-2009 жылдары Қазақстан өтпелі кезеңді артқа тастап нақты орнығып қалыптасқан кезінде заңдарды жетілдіру мақсатында қоданысқа тағы да көптеген заң нормалары енгізіліп қана қоймай сонымен қатар қолданыстағы заңдарымызға да өзгертулер

мен толықтырулар енгізілді. Бұл бір жағынан еліміздің экономикалық даму барысын көрсетсе екіншіден еліміздің құқықтық саласының дамығандығын қолданыстағы заңдарымызды одан әрі жетілдіру үстінде екендігіне дәлел. Кредиттік жүйенің енуімен Қазақстандық ЖОО жаңа білім сапасын арттырудың жолын іздестірді [5,42 бет]. 2009 жылы бакалавриат және магистратура бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету үшін әлі күнге дейін әрекет ететін Жіктеуіш қабылданды. 2012 жылы Ұлттық біліктілік жиектемесі қабылданды.

З.А. Исаева да, ҚР-ның жоғары білім беру саласының қайта құру процестерін ол да төрт дейгейге бөліп қарастырады: «Бірінші - (1991-1994жж) Жоғары білім берудің нормативтік құқықтық базасының құрылуы. Екінші - (1995-1998жж). Жоғары білім берудің модернизациясы, мазмұнының жаңаруы; Үшінші-(1999-2000жж) білім беру жүйесін ұйымдастырудың академиялық еркіндігінің кеңеюі, қаржыландыру мәселелері. Төртінші - (2001ж.) білім беру жүйесінің стратегиялық даму бағыты. Оның көзқарасы бойынша да ҚР-ның білім беру жүйесінің құқықтық базасы негізінен ҚР Конституциясы, «Білім заңы», және басқа да құқықтық заң актілері. ҚР-ның Конституциясының 30-шы бабына сәйкес Қазақстан азаматтары жоғары білім алуға құқылы. ҚР-ның білім заңының реформасына сәйкес үш деңгейлік өзгерісін қарастыруға болады: 1982ж. ҚР «Білім заңы», 1999ж. ҚР «Білім заңы», 2007ж. ҚР «Білім заңы», 1993ж. ҚР-ң «Жоғары білім заңы». 1996 ж. ҚР-ның жаңа 342 мамандықтарға арналған Классификаторы бекітілді. 2001ж. Халықаралық білім беру стандарттары бойынша жаңа Классификатор енгізілді».

Жоғарыдағы аталған ғалымдардың көзқарастарының сабақтастығын жалғастыру жолымен осы саланы зерттеуші Н.Д. Мырзатаевтың пікірінше «Бесінші кезеңге 2010 жылдан бүгінгі күнге дейінгі аралықты жатқызуға болады. Қазақстан Республикасы білім және ғылым жүйесіне халықаралық және шетелден енген көптеге елеулі өзгерістер заң нормаларын жаһандық үрдіске икемдеуге, елдің жоғары білім беру бағытында жаңа беттер ашуда. Болон жүйесіне заңды мүше болып енуіміз еліміздегі ЖОО Болон жүйесін енгізуге негіз болды. Кредиттік жүйе мен Еуропалық Болон жүйесі бүгінгі таңда Қазақстандық жоғары оқу орындарына енгізілуі қазіргі қолданыстағы заңнамадағы өзекті мәселе болып тұр. ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесінің дамуын әртүрлі кезеңдерге бөліп қарастыру мәселенің өзектілігін көрсетпейді. Біздіңше біріншіден, ҚР тәуелсіздігін алған уақыттан бастап 2010 жылдар арасын тәуелсіз Қазақстанның жоғары білім саласының қалыптасуы мен дамуы осы саланы реттейтін құқықтық нормаларды жетілдіру жолдары мен тәжірибесі аспектісінде қарастыру қажет. Екіншіден, 2010 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Болон жүйесіне заңды мүше болып енуіміз еліміздегі жоғары оқу орындарының жаңарып жаһандануына негіз болды. Еліміздегі жоғары білімнің интеграциялануы барысындағы үрдісті құқықтық аспектісі ретінде жеке қарастырған жөн. Кредиттік жүйе мен Еуропалық Болон жүйесі бүгінгі таңда Қазақстандық жоғары оқу орындарының білім сапасын арттыру мен білім саласын басқарудағы бірқатар құқықтық аспектілерді айқындап тұр.» - деп көрсетеді өзінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласын басқарудың құқықтық аспектілері» атты магистірлік диссертациясында.

Еліміздің белгілі бір саланы реттейтін заңнамалары болуы заңды құбылыс болғандықтан жоғары білім беру саласын да реттейтін нормативтік құқықтық актілердің болуы заңды. Білім беру саласының жалпы саясатын жүзеге асырушы мемлекет болғандықтан ол осы саланы реттеу барысындағы саясаты ол қабылдаған заңнамалардан көрініс тауып отыр.

Жоғары білім беру саласында да оны реттейтін белгілі бір заңдар, жарғылар, ережелер, халықаралық келісімдер және сол секілді ресми, заңды күші бар құжаттар бар. Бұндай құжаттардың ішінде елдің жоғары білім жүйесінің орны ерекше, себебі осы заңдар жоғары білім жүйесін толықтай реттеп, олардың даму бағытын айқындайды [5].

Жоғары білім беру саласының әлемдік интеграциялану кезінде Қазақстанда одан тысқары қала алмайды. Сондықтан да тәуелсіздік алған жылдардан бастап алғашқыда елімізді бүкіл әлемге танытуды мақсат етсек қазыргы мақсатымыз алдыңғы қатарды дамыған 30 елдің ішінен табылу. Осы мақсаттарға жету үшін барлық елге ортақ жоғары білім саласындағы заңнамалар мен халықаралық конвенцияларға тоқталайық. Халықаралық білім

заңнамаларындағы негізгі құжат 1948 жылдың 10-шы желтоқсанындағы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қабылдаған адам құқықтары жөніндегі Жалпыға ортақ Декларация болып отыр. Ол құжатта білім мәселелері 3 ережеден тұратын арнайы статьяда көрсетілген. Біріншіден, адамның білім саласындағы құқықтары айқындалып, бастапқы және жалпы білім берудің ақысыздығы, бастапқы білімнің міндеттілігі, техникалық және кәсіби білімнің қолжетімділігі жөніндегі ереженің ерекшелігі анықталған. Екіншіден, тұлғаның дамуындағы, адамдар арасындағы қарым-қатынастағы, қоғамдық прогресс пен бейбітшілікті қамтамасыз етудегі білімнің позитивті бағыты айқындалады. Үшіншіден, баланың білім түрін таңдау кезіндегі ата-ананың басымдылығы көрсетіледі. Жалпы алғанда, Декларация мемлекеттер мен халықтар арасындағы білім мәселелері жөніндегі келешектегі келісімдердің саяси-моральдық негіздерін салды [5].

Білім, ғылым, мәдениет және ақпарат саласындағы дүние жүзіндегі және аймақтық халықаралық-құқықтық актілерді жасау құқығына ие әлемдегі жалғыз ұйым ЮНЕСКО болып табылады.

Білім саласындағы соңғы онжылдықта ЮНЕСКО қабылдаған барлық халықаралық құжаттарды келесідей құрылымдарға бөлуге болады:

1) Білім саласындағы кез келген формадағы дискриминация саясаты мен тәжірибесін жою, мысалы, «Білім саласындағы дискриминациямен күрес жөніндегі конвенция» (1960);

2) Бейбітшілік, халықаралық өзара түсіністік, демократия мен гуманизм, адам құқықтарын сыйлау рухында тәрбиелеу;

3) Сәби құқықтарын қорғау, білім саласы қызметкерлерін кәсіби және әлеуметтік қорғау, мысалы, «Мұғалімдер жағдайы жөніндегі ұсыныстар» (1966);

4) Білім беруде халықаралық ынтымақтастықты дамыту, оның жекелеген салаларын ұштау, осы саладағы халықаралық статистика мен есептіліктің пайда болуы, мәселен, «Техникалық және кәсіби білім жөніндегі конвенция» (1989), «Ересектерге білім беруді дамыту жөніндегі ұсыныстар» (1976), «Білім саласындағы статистикалық мәліметтерді халықаралық стандарттау жөніндегі ұсыныстар» (1959), оқу курстарын мойындау жөніндегі аймақтық конвенцияла, ғылыми атақ және білім жөніндегі құжаттар және т.б. [5].

ЮНЕСКО қабылдаған нормативті құжаттарды екі топқа жіктеуге болады олар: жаһандық және аймақтық. ЮНЕСКО қызметінің құқықтың қағидаларына «Бейбітшілік және әріптестік, халықаралық өзара түсіністік рухында тәрбиелеу жөніндегі» ұсыныстарында көрініс тауып отырған:

а) барлық деңгейде және барлық түрде білім берудегі халықаралық аспект және жаһандық перспектива;

б) барлық халықтарды, олардың мәдениетін, өркениетін, құндылықтарын және дәстүрін сыйлау және түсіну;

в) халықтар мен ұлттардың жаһандық өзара тәуелділігінің өсіп келе жатқанын мойындау және т.б. [5].

Жоғары білім саласындағы саясаттың негізгі принциптері 1998 жылдың қазан айында Париж қаласында өткен Бүкіләлемдік Конференцияда анықталды. Оған: - білім алудың қол жетімділігі; - білім берудің фундаментализациясы; - жоғары білім саласындағы саясаттың гуманизациясы; - академиялық бостандық және ЖОО-лардың автономдығы; - білімнің берудің ақпараттануы [5].

Жоғарыда аталған қағидалар бүкіл әлемнің елдеріне ортақ және жалпы адамзаттың білім алу қажеттігі мойындалады. Аталғандар білім беру саласын реттейтін халықаралық ұйымдар мен халықаралық органдардың қабылдағанын нормативтік құқықтық актілерінде көрсетіліп отыр.

Д.Омаровтың пікірінше «Қазақстанның білім жүйесіндегі заңнамаларын қарастыру үшін, міндетті түрде КСРО кезіндегі нормативті құжаттарды зерттеуіміз керек, оның себептері өте көп дейді. Бірінші себеп: -қазақ елі 70 жыл бойы КСРО құрамында болды; екінші себеп: - дәл осы кезде жаппай сауаттандыру басталды; үшінші себеп: -жоғары білімнің негізі де осы жетпіс жылдыққа кезеңге келеді, төртінші себеп: -кеңестік ғылым әлемдегі ең мықты ғылым

болды. Кеңес Одағының «Халықтық білім беру туралы» заңы 1924 жылы 31 қаңтарда қабылданды және екі бөлімнен тұрды – КСРО-ның білім беру жөніндегі Декларация және КСРО-ның білім беру жөніндегі Келісімі. КСРО-ның білім беру жөніндегі Декларациясының құрамына білім берудің тек саяси аспектілері кірді, заңдық мәселелер кірмеді. Нақтырақ айтқанда, оның ішінде «капитализм лагерінде - ұлттық жауыздық және теңсіздік, колониалдық құлшылық және шовинизм, ұлттық қанаушылық, империалистік айуандық және соғыстар» делініп, «кеңес лагерінде – өзара сенімділік пен бейбітшілік, ұлттық бостандық және теңдік, ұлттардың татулығы мен бірлігі» екендігі ерекше аталып өтті. 1973 жылдың 19-шілдеде КСРО-ның «Кеңес Одағының және Одақтың республикалардық халықтық білім беру жөніндегі заңнамалардың негізін бекіту» заңы қабылданды. Бұл заң Қазақстанның кейінгі жылдардағы білім саласындағы заңнамаларының негізін қалауға себепші болды. Осы заңның 5-бабында: «КСРО-ның халықтық білім беру жүйесінің құрамы: мектепке дейінгі тәрбие, жалпы орта білім, кәсіптік-техникалық білім, орта арнаулы білім, жоғары білім, мектептен тыс білім». Кейіннен бұл құрамға ЖОО-дан кейінгі білім қосылады. Кеңес Одағының білім саласында, ғылым саласындағы жеткен жетістіктерін ескере отырып, осы кездегі білім саясатының негізін осы күнге дейін ұстап тұру идеясын бір жағынан дұрыс деп санаймын, себебі бұл кездегі заңдар, шешімдер, жарғылар талай жылдар бойы зерттеліп, ішкі заңдылықтар, ішкі менталитет, жалпы қоғамның құрылысы ескерілет қабылданды. Сол себепті осы кездегі саясат өз жемісін молынан берді. Қазіргі жағдайда Қазақстанның білім саласындағы заңнамаларында, жалпы жүйеде батыстан алынған элементтер көптеп байқалады. Бұның жақсы жағы да, жаман жағы да бар. Жақсы жағы: әлемнің ең алдында, ең дамыған елдері сол жүйені пайдаланып келеді және теориялық тұрғыдан өте жақсы дәлелденген және біз осы жүйені пайдалану арқылы сол дамыған елдер деңгейіне ұмтыламыз, ғылымымыз дамып, еліміз дамиды. Жаман жағы: батыс елдерінің жасап шығарған технологиялары, білім саласындағы жаңалықтары өздерінің ішкі қажеттіліктерінен, ерекшеліктерінен шығып отыр және олар Қазақстанның ерекшеліктеріне, халықтың тіліне, саяси жүйесіне, экономикалық және әлеуметтік жағдайына сай келмеуі мүмкін, нәтижесінде еліміздегі білім жүйесі өз нәтижесін бермеуі мүмкін, бұл әрине қауіп қана.» [5] - деген ойда.

Біздің ойымызша да, аталған пікірмен келісуге болатын тәрізді. Кеңестік саяси жүйені утопияға теңегенімізбен ол кездегі білім беру саласындағы жалпы адамзат үшін жасалған білім беру жүйесі өз заманының ең озық нәтижелері мен ескірмейтін қағидалары негізінде жасалғанын байқап отырмыз. Оның дәлелі іспетті әлемде және біздің еліміздегі әр деңгейдегі білім беру саласындағы түрлі реформалар нәтижесі айтарлықтай әлі де болса тұрақты бола аумауы дәлел болып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Конституциясы 1995жыл 30 тамыз. 2018 жылғы 23.03.2019 жылғы толықтырулармен қоса. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000/history>
2. 3 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңы 11.01.2020 жылғы толықтырулармен қоса. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319/history>
3. ҚР «Еуропалық аймақтағы жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы Конвенцияның бекіту туралы» Заңы, 13.12.1997ж. № 202-І
4. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Түркі тілді мемлекеттер Ынтымақтастық Кеңесінің V Саммиті», 2015ж.
5. Ырсалиев С., Құлтуманова А., Төлеков Э., Бұлдыбаев Т., Кусиденнова Г., Ысқақов Б., Забара Л., Барон Л., Коротких Е. «ҚР білім беру жүйесінің жай-күйі және дамуы туралы Ұлттық баяндама», 2016 жыл. - Астана қ. «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2017 - 482 б. http://iac.kz/sites/default/files/nd-2017_kaz_18.08.2017-ilovepdf-compressed.pdf.